

С. М. Иманқұлова,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің доценті, ф.ғ.к.

МОДАЛЬДІЛІК МАҒЫНАЛАРЫНЫҢ БЕРІЛУІ

Модаль сөздерді өз еңбектерінде арқау еткен Е.И.Убрятова, Н.А.Баспанов, Н.Ж.Дмитриев, А.Н.Кононов, В.В.Виноградов, Г.А.Золотова, Т.П.Ломтев, А.В.Бондарко, Н.Е.Петров, В.Н.Бондаренко т.б. ғалымдар сөйлемде айтылған ойдың мазмұнына, болған шындыққа айтушының көзқарасын білдіретін сөздер деп жеке қарастырады. Модальдік реңк одағайларда да, қыстырма сөздерде де, сұраулық шылауларда да кездеседі. Бірақ бәрін модаль сөз деуге болмайды. Сөйлем мазмұнының ақиқат шындыққа қатынасы жөніндегі сөйлеушінің пікірін білдіретін арнаулы сөздерді модаль сөздер дейді.

Қазақ тіл білімінде модаль сөздерді зерттеу кешірек қолға алынды. Бар-жоғы шамалы ғана сөздерді жеке сөз табы ретінде қарау-қарамау туралы әр түрлі пікірлер орын алғанымен, 2002 жылдан бастап «Қазақ грамматикасына» енгізіліп, көмекші сөз табы ретінде қарастырылады.

С. Кенесбаев қазақ тіліндегі модаль сөздердің, яғни сөйлем мазмұны жөніндегі сөйлеуші адамның пікірін білдіретін сөздердің жеткілікті зерттелмегендігін айтса, [1; 63] 1958 жылы Е.Жанпейісов «Қазіргі қазақ тіліндегі модаль сөздер» атты кандидаттық диссертациясында модаль сөздердің тілдік табиғатына толығырақ тоқталады. Қазақ тілінде модальдік мағынаны білдіруде қолданылатын тілдік құралдарға, етістіктің райларын, интонация, қыстырма сөздер, модаль сөздер, кейбір демеулік шылауларды жатқызады. Сөйтіп оларды семантика-құрылымдық белгілеріне байланысты сөз табы деп тануға әдбен болатынын дәлелдейді.

1968 жылы жарық көрген «Қазақ тіліндегі сөздер мен таптарының морфологиялық құрылысы» атты еңбегінде Т.Ерғалиев қазақ тілі сөздерін алдымен негізгі сөз таптары, көмекші сөздер, азат сөздер деп үлкен үш топқа бөледі, ары қарай олардың бірнешеуінің басын қосатын сөз таптары да пайда болады дейді. Т.Ерғалиев көмекші сөздерге шылауларды жатқызса, азат сөздер тобы ретінде модаль сөздер мен одағайларды атайды.

С.Исаевтың еңбегінде алғаш рет модаль сөздер сөз табы ретінде көрсетіледі [2]. Кейін 2002 жылғы «Қазақ грамматикасында»: «атаушы сөздерден басқа көмекші сөздердің бір түрі шылаулар және одағай сөздер мен модаль сөздер жеке сөз табы болып қаралады, өйткені олардың жеке лексикалық мағыналары болмаса да, өзі қатысты сөзге я сөйлемге қосымша грамматикалық мән үстейді, немесе ойға қатысты мәндер қосатын сөздер» екенін айтады [3, 440 б.].

Қазақ тіліндегі модаль сөздер туралы А. Ысқаков: «Бұл сөздердің шығу төркіні, өз алдына категория болып қалыптасу ерекшеліктері мен жолдары, олардың қазіргі құрамы мен құрылымы және басқа морфологиялық (үстеу, одағай, шылау сөздермен), синтаксистік (қыстырма сөзбен, сөйлеммен, сөйлем мүшесімен) категорияға қарым-қатынасы мен арақатынасы, олардан бөлінетін ерекшелігі деген сияқты соны жатқан мәселелерді арнайы тексеруді, тиісті шешімін табуды қажет етеді» [4, 44], – деген ой айтады.

Қазіргі қазақ тіл білімінде Н. Оралбай 2007 жылғы «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» атты еңбегінде модаль сөздерді «аналитикалық форманттың құрамында модальдық категорияның көрсеткіші болғандықтан, қосымшалар сияқты грамматикалық көрсеткіштер қатарында қалатынын, саны аздығынан» [5, 63 б.] сөз таптарына қоспайды. Керісінше, Б. Қасым модаль сөздерді «сөйлемге қосымша (модальдық) мән қосатындықтан» [6, 212 б.] жеке сөз табы ретінде қарастырады. А. Салқынбай 2007 жылғы «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде «тілімізде модаль сөздер бар, сондықтан оны бір сөз табы ретінде санау қажеттілік» деп есептейді [7, 217 б.] де, «модаль сөздерді жеке сөз табы ретінде танытатын басты белгі – оның жалпы категориялық мағынасының болуы» деген уәж келтіреді.

Қазақ тіліндегі модаль сөздерді арнайы зерттеген ғалым Е. Жампейісов олардың қатарына төмендегідей сөздерді жатқызады: *сияқты, сықылды, секілді, сыңайлы, сынды, тәрізді, іспетті, мүмкін, ықтимал, шамасы, тәрізі, әлпеті, мүмкін, асылы, қисыны, аны-*

ғында, шынында, расында, рас, әрине, әлбетте, бәлкім, керек, қажет, тиіс, шығар, болар, -са(-се)керек, -у (-уға) керек, -уы (-уі) керек, -уы (-уі) тиіс, -у қажет, -ға, -ге ұқсайды және т.б.

Модаль сөздер семантикалық сипаты жағынан төмендегідей бөлінеді:

1. Болжал мәнді модаль сөздер: *сияқты, сықылды, тәрізді, секілді, мүмкін, шамасы, тәрізді, тәрізі, бәлкім, шығар, болар т.б.*

2. Міндеттілік мағына беретін модаль сөздер: *керек, қажет, тиіс, лазым* сөздерінің қатысуымен жасалатын *-у қажет, -у керек, -у лазым; -мақ керек, -маққа керек, -уға тиіс, -уы (-уі) тиіс.*

3. Біреудің сөзі не бір дерек негізінде айтылатын модаль сөздер: *де, дейді, деп т.б.*

4. Қостау (растау) мағынасында қолданылатын модаль сөздер: *әрине, әлбетте, рас, шынында, шындығында, анығында т.б.*

5. Күмән (күдік) ұғымын білдіретін модаль сөздер: *-ар ма екен, -са неғылсын, кім біледі т.б.*

6. Тілек, қалау мәнді модаль сөздер: *-са/-се екен, -са/-се деймін т.б.*

Қазақ тіліндегі *болар, сықылды, секілді, сияқты, тәрізді* т.б. сөздер бірде шылау, бірде бейтарап сөздер деп беріліп келгенімен, профессор Т. Сайрамбаев мұндай сөздерді модаль сөздер деп беруді жөн санайды және модаль сөздердің шылауларға қарағанда төмендегідей өзгешеліктерін көрсетеді [8, 50 б.].

Біріншіден, шылаулар морфологиялық өзгерістерге ұшырамайды, ал модаль сөздер морфологиялық өзгерістерге ұшырайды.

Екіншіден, шылау сөздер белгілі септік жалғаулы сөздер арқылы қимылға қатысты ғана жұмсалса, ал модаль сөздер әрі есімдермен, әрі етістіктермен тіркесте қабыса және менгеріле байланысады.

Т. Сайрамбаев оларды екі мағыналық топқа (есімді және етістікті модаль сөздерге) ажыратып, есімді модаль сөздер тобына *сияқты, сықылды, секілді, тақылетті, рәуішті, шамасы, тәрізді, зады, рас, мүмкін, бәлкі, расында, шынында, керек, тиіс, қажет, әрине* сөздерін, ал етістікті модаль сөздер тобына *білем, көрінеді, дейді, екен, болар, шығар* сөздерін жатқызады.

Модаль сөздердің сөз тіркесіне қатысы мен мағыналық тобын және синтаксистік қызметін айқындау барысында, олардың синтаксистік байланысқа түспейтінін, өздігінен сөйлем мүшесі бола алмайтындығын, соған қара-

мастан олар әрбір сөйлем мүшесі болатын сөздермен белгілі дәрежеде мағыналық байланысқа енетін жиі қолданылатын сөздер екендігін айтып, модаль сөздердің көбіне, сөйлем ортасы мен соңында келетінін мысалдармен нақтылайды.

"Модаль сөздер жеке қолданылмайды. Олардың басқа сөз таптарымен тіркесу қабілеті әртүрлі. Мысалы: *сияқты* сөзі барлық сөз таптарымен тіркесе береді, ал басқалары таңдап тіркеседі. Бұл сөздердің басыңқы қызметте жұмсалатын сөздері де әртүрлі. Мысалы, модаль сөздер зат есімдердің ішінде көпше атау тұлғалы формасымен көбірек тіркесе алады. Сонда біз *Асан сияқты* бала, *Алматы сияқты* қала, *нүліш тәрізді* ата, *қазақ тәрізді* халық, *атай сияқты* шал, *бала сияқты*, *бала іспеттес* сөйлейді деп тілімізде айта береміз.

Модаль сөздер жіктеу, өздік, сілтеу және кім? не? деген сұрау есімдіктерімен де түйдекті тіркесте жұмсала береді. Мысалы: *мен сияқты* бала, *сол тәрізді* ел, *осы іспеттес* іс, *сол тәрізді* оқиға, *кім сияқты* сөйлейді, *не тәрізді* ойланады.» [8, 50 б.] - деп, күрделі сөз жасаудың бір тәсілі ретінде қолданады.

Профессор Т. Сайрамбаев «*сияқты (тәрізді, сықылды, секілді)* модаль сөздер қолданылуы, лексикалық мағынасы жағынан бірдей, яғни адамдарды немесе заттарды бір-біріне теңестіру жағдайында қолданылады» деп төмендегі мысалдарды береді. Мысалы, Бірақ бір қарағанда көз жетер төңірек біртегіс құлпырған қызыл *нүліш сияқты* боп көрінеді (Ә. Сәрсенбаев). Бүгін бұл сөздерде дағдылы арман емес, *жалын сезім тәрізді* жарық сәуле елесі бар (М. Әуезов). Менің ойымша, жаңағылар да *сол мөлдір бұлақ іспетті* (Ө. Қанахин). Көктем күлсе, гүлдердей құлпырасың. *Тау өзені секілді* бұлқынасың («Қазақ әдебиеті»).

Осы сөйлемдердегі *сияқты, секілді, сықылды, тәрізді, іспетті* сөздері бір құбылысты екінші құбылысқа теңеу, бірін екіншісімен салыстыру, ұқсату мағынасында беріліп тұрса, кейде бұл сөздер сөйлеушінің сөйлем мазмұнының ақиқат шындыққа қатынасы жөніндегі болжамын да білдіреді. Мысалы: *Қазақтардың көбі Еуропалық дүниелерден шаршаған сияқты. Бұл кеште өнер жұлдыздары өн айтатын тәрізді.*

Айналада үнемі болып отыратын әр алуан құбылыстар, өмірдегі сан-сала болмыс түрлері, белгілі бір заттың сын қимылы, іс-әре-

кеті сөйлемде жалпы жалаң хабар түрінде ғана айтыла салмайды. Сөйлеушінің осы хабар туралы пікірі, яғни сөйлем мазмұнының ақиқат шындыққа қатынасы жөніндегі оның көзқарасы, әдетте қоса беріліп отырады. Мысалы, *Сәлден кейін жаңбыр жауатын шығар, аспан түнеріп тұр. Сен жылы киінген боларсың?* деген сөйлем болжам мағынада жұмсалып тұрса, *Ана тілімізді дамыту ісіне бүгінгі заманның заңдар жаңалығы - интернетті дендеп енгізу қажет. Елімізге білікті техникалық мамандар керек, - деген сөйлемде қажет, керек* сөздері сөйлеу барысында айтылған ойға сөйлеушінің жеке көзқарасын (міндеттеу) білдіру үшін жұмсалып, толық лексикалық мағынадан айырылған сөз ретінде қолданылып тұр.

Қазақ тілінде міндеттілік модальдік мағынаны негізінен керек, қажет, тиіс, міндетті сөздерінің қатысуымен жасалатын, -у қажет, -у керек, -у(-уға) міндетті, -уы (-уі) тиіс сияқты аналитикалық форманттар береді. Бұл сөздер сөйлеушінің сөйлемде айтылған хабардың ақиқаттығын нақтылау, міндеттеу мағынасында жұмсалады.

Мысалы: *Барлық нәрсенің іргетасы – білім болуы тиіс. Жоғары білімді, кәсіптік тұрғыда білікті мамандардың өз саласын жетік меңгеруі және қоғамдағы экономикалық әлеуметтік өзгерістерге, техника мен технологияларға ғылыми негізде баға бере алуы және олардың жолдары мен даму үдерісін болжай білуі міндетті.*

Керек сөзі екі түрлі мағынада жұмсалады: негізгі лексикалық мағынасында және модальдік мағынада. Лексикалық мағынасында өз алдына сөйлем мүшесі ретінде қолданылады. Мысалы: *Маған керек кітап бітіп қалыпты.* Мұнда керек сөзі анықтауыш қызметінде жұмсалып тұр.

Ал модаль мағынасында таза көмекші сөз орнында қолданылады. Мысалы: *Қазақ тілі қазақ болып қалуымыз үшін керек болса, қазақ тілді маман қазақ ұлты ақ отауының шаңырағын ұстап тұратын тұлға ретінде керек.*

Мұнда керек сөзі сөйлеу барысында айтылған ойға сөйлеушінің жеке көзқарасын білдіру үшін жұмсалып, толық лексикалық мағынадан айырылған сөз ретінде қолданылып тұр.

Сөйлеушінің сөйлем мазмұны мен ақиқат шындықтың өзара қатынасы жөніндегі болжалын мүмкін, бәлкім сөзі де береді. Мысалы: *Мүмкін ол үйінде емес шығар. Үйінде болуы да мүмкін.*

Сөйлеу барысында айтылатын ойға сөйлеушінің тілегі мен ниетін білдіруі тілек модальдігі арқылы жүзеге асады. Мысалы,

Ел тәуелсіздігі мәңгілік болғай! Ертең қар жаумаса екен. Ең болмаса бір жақсы қызмет бұйырса еді. Ол апасының осыншама жасаған жақсылықтарын білсе игі еді. Әлемді аузына қаратқан Астана көркейе берсе екен.

Тілек модальдігін жасайтын форманттар:

-ғай еді (-қай еді, -гей еді, -кей еді) аналитикалық форманты: *қайтқай еді, көрсеткей еді, алғай еді, біткей еді.*

-са игі форманты: *сұраса игі еді, білсе игі еді, кешірсе игі еді, келсе игі еді.*

-са еді форманты: *бұйырса еді, білсем еді, ұмытпасаң еді, көрсең еді, қонсаң еді, шыда-саңыз еді, ұнасаңыз еді.*

-са екен форманты: *өтсеңіз екен, келсе екен, ұтсам екен, озсаң екен, қалса екен.*

Сөйлеу барысында айтылған ойға сөйлеушінің ниетін, ықыласын, ойын білдіруі қалау модальділігі арқылы беріледі. Мысалы:

Менің театрда қандай қойылымдар жүріп жатқанын білгім келеді. Жастардың көпшілігі үлкен қалада тұрғысы келеді. Менің туған жеріме, туған еліме міндет емес, қызмет еткім келеді.

Сөйлеушінің сөйлем мазмұнына көзі жеткендігін, ол жөніндегі сенімін білдіру үшін е көмекші етістігінен қалыптасқан *екен, еді* модаль сөздері сөз таптарының қай-қайсысымен де тіркесіп келе береді. Алайда үнемі модальдік мағына білдіре бермейді. Мысалы, *Оның жауапты екендігі ісінен көрініп тұр.*

Сонымен бірге модаль сөздер негізгі лексикалық мағынаны білдірумен қатар, басқа сөздермен тіркескенде, күрделі мүшенің құрамында көмекші қызмет атқарып, қосымша модальдік мағынаға ие болады.

1. Кеңесбаев С.К. Қазақ тілінің грамматикасы. I бөлім. – Алматы, 1956.

2. Исаев С., Нуркина Г. Сопоставительная типология казахского и русского языков. Учебное пособие. – Алматы, 1996. –272 с.

3. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002

4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі: Морфология. – Алматы, 1974.

5. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – 388 б.

6. Оразбаева Ф.Ш., Сағидолла Г., Қасым Б., т.б. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 2001. – 534 б.

7. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. - Алматы, 2008. - 462 б.

8. Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2010. –640 б.

Иманкулова Салтанат Меркибаевна
МОДАЛЬНЫЕ СЛОВА И СПОСОБЫ ВЫРАЖЕНИЯ МОДАЛЬНОСТИ

В данной статье рассматриваются выражение модальности в казахском языке, пути и способы образования, ее современная структура, а также морфологическая и синтаксическая взаимосвязь.

Imankulova Saltanat Merkibaevna
MODAL WORDS AND WAYS OF EXPRESSING MODALITY

This article discusses the expression of modality in Kazakh language, ways and means of formation and its modern structure, also morphological and syntactic interrelation in a sentence.

Ж. Т. Исаева, А. Е. Тәттібаева,
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ҰМУ

АТАЛЫМ ЖАСАУДАҒЫ СӨЗДІҢ АССОЦИАЦИЯЛЫҚ МАҒЫНАЛАРЫ

Сөз мағынасын когнитивтік аспектіде қарастыруда, мағынаны тіл қолданушының ойлау және сөйлеу әрекетінің мақсатына қарай пайдалануы аясында зерделеуде концепт туралы айта кетуіміз орынды. Тіл білімінде концепттермині әртүрлі деңгейде қолданылады. Мысалы: Ю.С.Степановтың көрсетуінше, концепт адам санасында нақты ұғымдар түрінде емес, сөз тудыратын ассоциациялар, түсініктер, ұғымдар жиынтығы ретінде қабылданады. «Концепт не только мысляется, они переживаются. Они - предмет эмоций, симпатий и антипатий, а иногда и столкновений» [1, 13]. Концепт тіл білімінде сөздің қолданылу мен мағынасын байланыстырушы когнитивті негіз ретінде танылады. Концепт пен ұғым терминдерінің аражігі айқын ашылып көрсетілмеген тілдік терминдер болып табылады. Ол туралы тіл білімінде пікір қайшылығы соңғы зерттеу еңбектерінде де айтылады.

Концепт термині тілдік бірліктердің тілден тыс түсініктер мен ұғымдардың тіл бірліктерін қолданылуындағы маңызын түсіндіреді. Метафоралардың концептерді жасаудағы маңызы туралы В.Н.Телия былай дейді: «Метафора - это способ создания новых концептов, с использованием знаков, уже имеющих в данной семиотической системе» [2, 48]. Концептте сөздің беретін барлық мағыналары, ұғымдары жинақталып, ол адамның ассоциациялы ойлауымен байланысып жататыны белгілі. Концепт - сөздердің ассоциациялық өрісімен тікелей байланысты ұғым.

Тіл қолданушының қатысуымен жүргізілетін ассоциациялық эксперименттер негізін-

де анықталатын сөздің ассоциациялық мағыналары сөз таңбалар нысан беретін білім қорына байланысты. Аталым жасауда ассоциациялар белсенді қызмет атқарады. Адамның санасындағы заттар мен құбылыстардың бейнесінің өзге бір нысанның бейнесін елестетуі, оны еске түсіруі ойлаудың құрылымдық ерекшеліктерінің әлемді танудағы қызметін жеңілдетеді. Бірліктердің жасалуынан осындай үрдістердің іздерін айқын байқаймыз.

Шартты түрде алғанда сөздің ассоциациялық өрісінде сол нысан туралы адам санасындағы түсінік, ұғым жиынтығы көрініс табады. Ассоциациялық өріс тіл қолданушы ортаның тілдік бірліктердің мағынасын тілдік қолданыста, жалпы қабылдаудағы түсініктерге негізделеді. Тіл әлеуметтік құбылыс болғандықтан, ол тілдік ортамен және де жеке адамның танымымен байланысты. Сондықтан да тілдік бірліктердің жасалуы адамның психологиялық ерекшеліктерімен ішкі жан дүниесі, ойлауы, қабылдауы, жадыда ұстауы сияқты әрекеттермен астасып жатады.

Адам жадының құпиясы - әлі ашылып болмаған ғажайып әлем. Ол туралы көне заманнан қазіргі ғылым мен техника дамыған кезең ғалымдарының пікірлері ұшан-теңіз. Мысалға, Августин Аврелий: «Жадыда сыртқы әлем сезімдері жалпылама және жекелеген қалыпта сақтаулы. Көзім денелердің формаларын мен бояуларын, жарықты, құлағым әлемдегі алуан түрлі дыбыстарды, мұрыным иістерді, аузым дәмді, денем қатты мен жұмсақты, ыстық пен суықты, тегіс пен қатпарды, жеңіл мен ауырды таниды, қабылдайды. Осы-